

«Аяла» санаторлық бобекжайы» КММ-сі

«Қарлығаш» ересек жас тобы

ЕРТЕНЦІЛІК

Тақырыбы:

*«Тәуелсіздік бәрінен қымбат-
егемен Қазақстан»*

Тәрбиеші: Саурова А.

2024 жыл

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат-егемен Қазақстан»

Жүргізуші: Қазақ елім, тудық жастық дәуірің,
Алғандайсың жұлдыздардың жарығын,
Тәуелсіздік құтты болсын ағайын!
Тәуелсіздік құтты болсын албаным!

Құрметті ұжымдастар және балабақша бүлдіршіндері Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізіліп отырған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат-егемен Қазақстан» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Ән ұранын елімнің
Шақырады бірлікке
Егеменді халқымның
Болашағы бірлікте.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік ән ұранын орындаймыз.

Жүргізуші: Ал енді ортаға балалардың мерекеге арналған тақпақтарын тыңдайық.

Омина: Тәуелсіздік таңы атты,
Барлық әлем жаңарып
Осы тұрған халқыма
Бейбітшілік орнады.

Бекасыл: Көк туын желбірейді
Биіктерде самғайды.
Тәуелсіздік күні бүгін.
Барша халық жарқырайды.

Медина: Отанымды сүйемін
Жүрегіме түйемін
Тәуелсіздік күніне
Арналады тақпағым.

Осман: Отаным алтын бесігім
Жүрегімде тербетем
Қазақстаным – кең елім
Мақтанышпен жыр етем.

Ясмина: Достықпенен бірлік бар
Жүрегіміз нұрға толар
Тәуелсіз ел – Қазақстан,
Бақыт өмір, ашық таң.

Жүргізуші: Мың бұралып би билеп,
Шығамыз біз ортаға
Бүгінгі той тамаша.
Билейікші балаша.

Би «Асық биі»

Жүргізуші: Қазақ халқының ұлттық ойындарымыздың алатын орны ерекше. Сондықтанда бір ойын ойнап жіберейік

Ойын «Асық ойыны»

Ойын шарты: Асық ойынын командамен ойнаса болады, немесе жеке жеке ойнаса да болады. Төрт бұрышында асықтар қоямыз текшені лақтыра отырып қай түсті асық түсте, сол бала асықпен бір қадам жылжып отырады. Нәтижесінде бір ойыншы анықталады.

Жүргізуші: Балалардың Тәуелсіздік туралы тақпақтарын тыңдайық.

А.Айша: Тәуелсіздік таңы атқан,
Елімізде нұрлы таң
Балалардың күлкісі
Бақыттың бір белгісі

Алидар: Елім менің егемен
Бақытты өмір сүрем мен,
Тәуелсіздік күнімен
Қуанышқа бөленем.

Адия: Тәуелсіздік тандары,
Жарқырайды шамдары
Қазақстаным отаным
Бақытты елдің балдары.

Айкөркем: Атамекен – туған жер
Бізге бақыт сыйлаған
Тәуелсіздік күнімен
Жүрегіміз қуанған.

Ән «Атамекен»

Жүргізуші: Құрметті әріптестер, тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз-
аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болып өсе
беріңдер балалар.

